

Бұлақтыкөл орта мектебі

Келісемін: А.Б.Құрманалина

Бекітемін: А.А.Атангарин

Тәрбие ісінің орынбасары: Жетенов Р.С

Мектеп директоры: Атангарин О.А

« 31 » тамыз 2022ж

« » 2022ж

**2022-2023 оқу жылында 7-сыныпқа арналған тәрбие
жұмысының жылдық жоспары**

Сынып жетекшісі: А.Б.Құрманалина

Педагог: Құрманалина Ақсырға Боранбайқызы
(тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))
7 сынып
(топтың/сыныбын атауын көрсету)

Тәрбие жұмысының бағыттары бойынша іс-шаралар жоспары

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
I. Тәрбиені нормативтік құқықтық қамтамасыз ету				
1	ҚР Ата заңы	Ақпарат беру	Сынып жетекші Сынып оқушылары	үнемі
2	ҚР Білім туралы заңы	Ақпарат беру	Сынып жетекші Сынып оқушылары	үнемі
3	«Бала құқығы туралы» БҰҰ Конвенциясы	Ақпарат беру	Сынып жетекші Сынып оқушылары	үнемі
4	«Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» ҚР Заңы	Ақпарат беру	Сынып жетекші Сынып оқушылары	үнемі
5	«Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» ҚР Заңы	Ақпарат беру	Сынып жетекші Сынып оқушылары	үнемі
6	«Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» заңы	Ақпарат беру	Сынып жетекші Сынып оқушылары	үнемі
7	2030 жылға дейінгі ҚР отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасы	Ақпарат беру	Сынып жетекші Сынып оқушылары	үнемі
8	«Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» ҚР Заңы	Ақпарат беру	Сынып жетекші Сынып оқушылары	үнемі
II. Ғылыми-әдістемелік және ақпараттық қамтамасыз ету				
1	Рухани жаңғыру бағдарламасы Мәңгілік Ел бағдарламасы	ақпарат беру	Сынып жетекші Сынып оқушылары	үнемі
2	ҚР білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 бағдарламасы	ақпарат беру	Сынып жетекші Сынып оқушылары	үнемі
3	2022-2023 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқаулық хат	ақпарат беру	Сынып жетекші Сынып оқушылары	үнемі

III. Іске асыру тетіктері: тәрбиенің басым бағыттары бойынша іс-шаралар

1. Бағыты: Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие

Мақсаты: Жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азаматты және патриотты; тұлғаның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін; балалар мен жастардың құқықтық санасын, оларда балалар мен жастар ортасындағы қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа қарсы тұру даярлығын қалыптастыру.

Міндеттері: Отанға, мемлекеттік құрылысқа, мемлекеттік саясатқа, мемлекеттік идеологияға;

ҚР Конституциясы мен заңнамасына, мемлекеттік рәміздерге (елтаңба, әнұран, ту), құқықтық тәртіпке; 11 елдегі ұлтаралық және конфессияаралық келісімге, халықтар достығына; өз елінің экономикалық және әлеуметтік-мәдени даму саласындағы жетістіктеріне;

басқа адамның құндылықтарына, құқықтары мен бостандығына;

өз өлкесінің (ауыл, қала, шағын аудан) табиғатына, мәдени-тарихи өміріне;

құқықтық білімге және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлқына;

заң талаптарына, құқықтары мен міндеттеріне; әлеуметтік құндылықтарға құрметпен қарау, мақтаныш сезімін және жауапкершілік таныту.

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
«Терең білім, еңбекқорлық және отаншылдық қасиет» Білім күніне арналған бірыңғай сынып сағаты		Сынып сағаты	Сынып жетекші Сынып оқушылары	01.09.2022 ж
1.	«Рәміздер мақтанышымыз»»	Сынып сағаты	Сынып жетекші Сынып оқушылары	10.10.2022 ж
2	Менің Отаным -Қазақстан	Сынып сағаты	Сынып жетекші Сынып оқушылары	24.10.2022 ж
3	Қазақ даласының қайсар қызы (М.Мәметованың 100 жылдығы)	Ашық өнеге сағаты	Сынып жетекшілер Сынып оқушылары	12.12.2022 ж
4	«Тәуелсіздік- тұғырым»	Сынып сағаты	Сынып жетекші Сынып оқушылары	19.12.2022 ж
5	Ерлік ұрпаққа ұран	Сынып сағаты	Сынып жетекші Сынып оқушылары	8.05.2023 ж

2. Бағыты: рухани-адамгершілік тәрбие

Мақсаты: Тұлғаның қазақстандық қоғам өмірінің жалпыадамзаттық құндылықтарымен, нормаларымен және дәстүрлерімен келісілген рухани- адамгершілік және этикалық ұстанымдарын, моральдық қасиеттерін және көзқарастарын қалыптастыру.

Міндеттері:

мораль мен этиканың көпшілік мақұлдаған нормаларына; өзінің қасиетіне, арына және парызына; ішкі бостандығына және адамгершілік шешім қабылдауына;
өзінің және өзге де халықтардың мәдениетіне, дәстүріне, әдет-ғұрпына; 12 діни құндылықтарға; ой, сөз және іс бірлігіне; өзінің мінез-құлқын жетілдіруге; ар-ұжданымен орындалған қылықтарға;
түрлі мәдениет пен нанымның бірлігіне; адамдарға риясыз қызмет етуіне; өз ата-анасы, Отан, қоғам алдындағы парызына адамгершілік сезім білдіру.

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
6	Ұстаз- ұлы тұлға	Сынып сағаты	Сынып жетекші Сынып оқушылары	3.10.2022 ж
7	«Өзіңізді қоғамдық ортада қалай ұстайсыз?	Сынып сағаты	Сынып жетекші Сынып оқушылары	3.04.2023 ж
8	«Алғыс айту парызым»	Сынып сағаты	Сынып жетекші Сынып оқушылары	27.02.2023 ж
9	«Анашым ардақты жан»	Сынып сағаты	Сынып жетекші Сынып оқушылары	6.03.2023 ж
10	14-наурыз амал мерекесі	Сынып сағаты	Сынып жетекші Сынып оқушылары	13.03.2023 ж

3. Бағыты: ұлттық тәрбие

Мақсаты: Тұлғаны ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға, ана тілін және мемлекеттік тілді, қазақ халқының, Қазақстан Республикасындағы этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуге бағдарлау.

Міндеттері:

этникалық өзіндік санаға, этникалық сәйкестікке; мемлекеттік тілді және ана тілін меңгеруіне; өз халқының мәдени мұрасына; қазақ халқының және өз халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрпына;
Қазақстанның этномәдениетіне; этносаралық бейбітшілік пен келісімге мақтаныш сезім және жауапкершілік таныту.

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
11	«Қазақстан бірлігі мол ел»	Сынып сағаты	Сынып жетекші Сынып	1.05.2023 ж

			оқушылары	
12	Тіл мерейі, ел мерейі	Сынып сағаты	Сынып жетекші Сынып оқушылары	5.09.2022 ж
13	«Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығы»	Сынып сағаты	Сынып жетекші Сынып оқушылары	26.09.2022 ж
14	«М.Әуезовтың 125 жылдығы»	Сынып сағаты	Сынып жетекші Сынып оқушылар	19.09.2022 ж
15	«Қазыбек бидің 355 жылдығы»	Сынып сағаты	Сынып жетекші Сынып оқушылары	7.11.2022 ж
16	15-қараша – Ұлттық валюта күні	Сынып сағаты	Сынып жетекші Сынып оқушылары	14.11.2022ж

4. Бағыты: Отбасылық тәрбие

Мақсаты: Ата-аналарды оқыту, бала тәрбиесінде олардың психологиялық- педагогикалық құзыреттіліктерін және жауапкершіліктерін арттыру.

Міндеттері:

этноәлеуметтік рөлдерге; өз отбасына және ұрпақ жалғастыруға; адамгершілік қағидаларын қолдау арқылы отбасы және неке құндылықтарына құрметпен, ұқыпты қарау

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
17	«Тәрбие басы-тал бесік»	Сынып сағаты	Сынып жетекші Сынып оқушылары	20.02.2023 ж
18	Отбасы шағаын мемлекет	Сынып сағаты	Сынып жетекші Сынып оқушылары	15.05.2023 ж
19	«Отбасы алтын діңгегім»	Сынып сағаты	Сынып жетекші Сынып оқушылары	12.09.2022 ж

5. Бағыты: Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие

Мақсаты: Тұлғаның өзін кәсіби анықтауына саналы қарым-қатынасын қалыптастыру, экономикалық ойлауын және экологиялық мәдениетін дамыту

Міндеттері:.

мемлекеттің экологиялық даму саласы бойынша саясатына, атап айтқанда «Жасыл экономика» бағдарламасына; экологиялық сауаттылыққа, табиғатқа, қоршаған адамдарға және өзіне; «адам-қоғам-табиғат» жүйесіне; табиғатты пайдалану және қоршаған ортаны қорғау саласындағы әр түрлі қызметке; кәсіби білім мен өнімді еңбекке; нарықтық экономика заңдарына құнтты және позитивті көзқарас қалыптастыру; экологиялық қауіпсіздік тәртібінің нормаларын сақтауға; еңбек қызметінде мақсатқа қол жеткізуге; мамандық таңдауына; үздіксіз білім негізінде кәсіби жинақылыққа саналы қатынас таныту.

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
20	Адам әлем бөлшегі	Сынып сағаты	Сынып жетекші Сынып оқушылары	23.01.2023 ж
21	«Мамандықтың бәрі жақсы»	Сынып сағаты	Сынып жетекші Сынып оқушылары	6.02.2023 ж
22	«Су- тіршілік көзі»	Сынып сағаты	Сынып жетекші Сынып оқушылары	28.11.2022 ж
23	«Экология және біз»	Сынып сағаты	Сынып жетекші Сынып оқушылары.	17.04.2023 ж
24	«Еңбек бәрін де жеңбек»	Дөңгелек үстел	Сынып жетекші Сынып оқушылары	24.04.2023 ж

6. Бағыты: Интеллектуалды тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу

Мақсаты: Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндігін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын, сондай-ақ ақпараттық мәдениетін дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңістік қалыптастыру.

Міндеттері:.

өмір бойы білім алуына; өздігімен білім алуы және алған ақпаратты пайдалану біліктілігіне; сыни тұрғыдан ойлау, талдау және алған ақпаратты тиімді пайдалану қабілетіне; зерттеушілік және жобалық қызмет біліктерін, инновацияға қабілеттілікті меңгеруіне; пікірталас жүргізу дағдыларына; жасампаз қызметке; топтағы жұмысқа, корпоративтік рухты нығайтуға; ақпарат көздерін сыни іріктеуге; Интернет-қауымдастығына қосылу дәрежесіне; Интернеттегі девиантты мінез-құлыққа қарсылық білдіру; Интернет-сауаттылық қалыптастыруға; ақпараттық қызметте және байланыс жасауда этикалық нормаларға; жоғары ақпараттық мәдениет қалыптастыруға ұмтылу және қызығушылық білдіру.

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
25	«Білім-инемен құдық қазғандай»	Сынып сағаты	Сынып жетекші Сынып оқушылары	22.05.2023 ж
26	«Ұялы телефонның пайдасы мен зияны»	Сынып сағаты	Сынып оқушылары	13.02.2023 ж
27	«Сөйлеу мәдениеті – ел мәдениеті»	Сынып сағаты	Сынып жетекші Сынып оқушылары	16.01.2023 ж
28	«Жемқорлыққа жол жоқ»	Шығарма,сурет көрмесін ұйымдастыру	Сынып жетекші Сынып оқушылары	30.01.2023 ж

7. Бағыты: көпмәдениеттік және көркем-эстетикалық тәрбие

Мақсаты: тұлғаның жалпымәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, тұлғаның өнердегі және болмыстағы эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамыту, білім беру ұйымдарында көпмәдениетті орта құру.

Міндеттері: толеранттық және ғаламдық пікірге; көпмәдениеттілік және көптілділікке; мемлекеттік тілді, орыс, ағылшын және өзге тілдерді білу; мәдениетаралық әрекетке; қоғамда және қоғамдық орындардағы жалпыға ортақ мінез-құлық нормаларына; қарым-қатынас мәдениетіне; эстетикалық мұраттарға, көркемөнер құндылықтарына; шығармашылықпен ойлауға және қиялға, шығармашылық-эстетикалық қызметті қалыптастыруға қызығушылық, ұмтылыс таныту

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
29	Ғасыр әншісі – Роза Бағланова (Роза Бағланованың туғанына 100 жыл)	Сынып сағаты	Сынып жетекші Сынып оқушылары	9.01.2023 ж
30	«Төрлет, құтты жаңа жыл!»	Мерекелік шара	Сынып жетекші Сынып оқушылары	26.12.2022 ж
31	«Қазақстан халықтарының мәдениеті»	Сынып сағаты	Сынып жетекші Сынып оқушылары	27.03.2023 ж
32	«Ғарышкерлер күні» Талғат Бигелденовтың 100 жылдығы»	Сынып сағаты	Сынып жетекші	10.04.2023 ж

8. Бағыты: дене тәрбиесі, салауатты өмір салты

Мақсаты: Салауатты өмір салты, дене дамуы және психологиялық денсаулық сақтау дағдыларын, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігін ойдағыдай қалыптастыру үшін кеңістік орнату.

Міндеттері:

денсаулық жағдайының скринингіне; әлеуметтік мақсаттар мен рухани қажеттіліктерге; теріс ықпалдарға қарсы тұрудың тиімді тәсілдерін меңгеруге; табиғи қабілеттерді орынды пайдалануға;

денсаулық сақтауға және нығайтуға, қауіпсіз және жауапты мінез- құлыққа; өмірдегі жаңа жағдайларға сабырлыққа; қауіпсіздік және өмір сүру әрекетін қамтамасыз етуге; денсаулық сақтау ортасын құруға тілегі және даярлық білдіру.

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
33	«Дені сау ұрпақ – елдің болашағы»	Сынып сағаты	Сынып жетекші Сынып оқушылары	17.10.2022 ж
34	«Алақай жаз!» жазғы демалыс кезіндегі балалардың өмір қауіпсіздігі	Сынып сағаты	Сынып жетекші Сынып оқушылары	29.05.2023 ж
35	Дұрыс тамақтану	Сынып сағаты	Сынып жетекші Сынып оқушылары	21.11.2022 ж
36	«Жеке бас гигиенасы»	Сынып сағаты	Сынып жетекші Сынып оқушылары	5.12.2022 ж

Бұлақтыкөл орта мектебі

2022-2023 оқу жылына арналған
7-класс жетекшісі А.Б.Құрманалинаның
тәрбие жұмысының жылдық жоспары
бойынша сараптамалық талдауы

Мамыр 2023 жыл

Бұлақтыкөл орта мектебінің
2022-2023 оқу жылындағы 7-сыныппен
жүргізілген тәрбие жұмысының
жыл бойы жоспары бойынша
сараптамалық талдауы

Оқу жылының басында 2022 – 2023 жылдарға арналған тәрбие жұмысының бағыт бағдарламасын басшылыққа ала отырып, 7 – класс оқушыларымен жүргізілетін тәрбие жұмысының жылдық жоспары жасалып бекітілді. Негізгі:

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі № 145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері;

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі № 145 бұйрығымен бекітілген, 2019-2024 жылдарға арналған «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында тәрбиенің Тұжырымдамалық негіздерін іске асырудың іс-шаралар жоспары;

3. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 1 қазандағы № 525 бұйрығымен бекітілген бағдарламасын негізге ала отырып құрылды.

Тәрбиенің мақсаты:

Тәрбиенің негізгі мақсаты – дені сау, ұлттық сана-сезімі оянған, рухани ойлау дәрежесі биік, мәдениетті, парасатты, ар-ожданы мол, еңбекқор, іскер, бойында басқа да қасиеттер қалыптасқан адамды тәрбиелеу.

Тәрбиенің міндеттері:

- Білім беру ұйымдарында денсаулығы зор, рухани дүниесі бай, адамгершілікті, тәуелсіз жеке тұлғаны қалыптастыруға ықпал ететін тәрбие жүйесін құру және дамыту.
- Балалар мен жастарды азаматтылыққа, отансүйгіштікке, зиялылыққа, адам құқықтары мен бостандықтарын, мемлекеттік рәміздер мен ұлттық дәстүрлерді сыйдауға тәрбиелеу.
- Өзінің, жеке қоғамның, болашақ ұрпақ алдында әлеуметтік, табиғи мәдени ортадағы өз іс-әрекетінің нәтижесі үшін жауапкершілікті сезінуде гуманистік дүниетанымды қалыптастыру.
- Мемлекеттік тілді және басқа тілдерді үйрену арқылы балалар мен жастардың әлем және ұлттық мәдениетті игерулеріне, Қазақстан

халықтарының дәстүрлері мен мәдениетін зерттеуіне және қабылдауына жағдай жасау.

- Жеке тұлғаның өзін-өзі іс жүзінде көрсетуі мен ары қарай дамуына ықпал етуде білім беру ұйымдары жағдайында жастар мен балалардың танымдық қызығушылығын, олардың шығармашылық қабілеттерін, жалпы білімге икемділігін, өзін-өзі тану мен өздігінен білім алу дағдыларын, әлеуметтенуін барынша дамыту бейімділігін қалыптастыру.
- Қазіргі заманғы қоғамдық өмірге және тиімді кәсіби іс-әрекет пен жеке басының және әлеуметтік кәсіби тұрғыда үздіксіз пісіп жетілуіне қажетті маңызды тұлғалық және кәсіби сапаларын қалыптастыру.
- Қоғамда орнықты қалыптасқан дәстүрлер негізінде этникалық және діни толеранттылықты тәрбиелеу.
- Балалар мен жастардың бойында Қазақстанға сырттан енуші этнодіни экстремизм мен түрлі радикалды ағымдарға қарсы әрекет ете алатын дағдылар қалыптастыру.

Тәрбие жұмысындағы бағыттары:

1. Жаңа қазақстандық патриотизм және азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие
2. Ұлттық тәрбие
3. Отбасылық тәрбие
4. Рухани-адамгершілік тәрбие
5. Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие
6. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие
7. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу
8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты

Классағы оқушылармен қосымша жүргізілген жұмыстар туралы

Тәрбие жұмысын әлеуметтік – педагогикалық тұрғыдан қамтамасыз етуде жыл басында кластағы әр оқушыға тұрмыстық – зерттеу актісі жасалып мектептің тәрбие ісінің орынбасары Р. Жетеновке тапсырылды. Зерттеу актілерімен таныса отырып тұрмыстық жағдайы төмен, аз қамтылған отбасы балалары, толық емес отбасы балалары, көп балалы отбасы балалары анықталып, ата-анасының тарапынан оқушыға қажетті құжаттар жинақталып, жеңілдік категорияларына енетін оқушылар анықталды. Ол оқушылар: Әбілқәрімова А, Сәрсенғалиев Қайсар, Сәлімгерей Азат, Ерланқызы Ақсымбат көп балалы отбасы балалары. Кулбеков С, Кәрімжанұлы Н толық емес отбасы балалары, Самбаева К, аз қамтылған, көп балалы отбасы балалары, Шаңбаева А атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасы баласы категориясына енгізілді. Тәрбие жұмысының жылдық

жұмыс жоспары бойынша аз қамтылған оқушылармен төмендегідей жұмыстар жүргізілді. Оқушыларға тегін тамақ, киім-кешек, оқу - құралдары берілді.

Кластағы оқушылар саны	Қыз бала саны	Ер бала саны
10	6	6

Класс оқушыларымен оқу бойынша жүргізілген жұмыс нәтижелері:

Озат оқушылардың аты-жөні	4 пен 5 ке оқитын оқушының аты – жөні	Қанағаттанарлық деңгейде оқитын оқушы саны
1. Жеңісова Гүлім 2. Сәлімгерей Азат 3. Ерланқызы Ақсымбат 4. Кәрімжанұлы Нұрасыл	1. Лепес Самат	5

Кластың жыл бойынша оқу үлгерімінің пайызы – 50%

1. I-тоқсан бойынша 50%
2. II-тоқсан бойынша 50%
3. III тоқсан бойынша 60%
4. IV тоқсан бойынша 50%

Класс оқушыларының жыл бойы жетістіктері.

Жыл бойы мектепшілік қоғамдық жұмыстарға барлық оқушылар белсене қатысты, спорттық жарыстарға, үйірмелерге қатысып жетістіктерге жетті.

Еркін күрестен Кәрімжанұлы Нұрасыл қарауылкелді ауылында 2010-2011 жылы туған жасөспірімдер арасында Әзіл Аманғали Шиланбайұлын еске алуға арналған облыстық турнирде 3 орын, 2010-2011 және 2012-2013 жылы туған кіші жасөспірімдер арасында Тәуелсіздік күніне арналған, аудан біріншілігінде ең шебер палуан атағымен марапатталды. Қызылбұлақ ауылдық округінде «Наурыз» мерекесіне орай өткізілген еркін күресте Зорын, «Байғанин балалар - жасөспірімдер» спорт мектебінің біріншілігінде 3 орынға, Еркін күрестен «Балалар жылы» аясында Ноғайты спорт жанашыларының жүлдесіне арналған 2010-2011 және 2012-2013 ж.т жасөспірімдер арасынан 1 орынға ие болды.

«Жасұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымында өткізілген «ЖІГІТ СҰЛТАНЫ-2023» байқауына қатысып «Сегіз қырлы, бір сырлы жігіт» атағына ие болды. Сәлімгерей Азат 2010-2011 және 2012-2013жылы туған кіші жасөспірімдер арасында Тәуелсіздік күніне арналған, аудан біріншілігінде 3 орын, «Балалар жылы» аясында Ноғайты спорт жанашыларының жүлдесіне арналған 2010-2011 және 2012-2013 ж.т жасөспірімдер арасынан 3 орынға, Т.Жазымовты еске алуға арналған облыстық турнирде 2 орынға ие болды. Лепес Самат қарауылкелді ауылында 2010-2011 жылы туған жасөспірімдер арасында Әзіл Аманғали Шиланбайұлын еске алуға арналған облыстық турнирде 3 орын,еркін күрестен «Кемерши спорт жанашылары» жүлдесіне арналған облыстық турнирде 2 орын, 2010-2011 және 2012-2013жылы туған кіші жасөспірімдер арасында Тәуелсіздік күніне арналған, аудан біріншілігінде 3 орын, Балалар жылы» аясында Ноғайты спорт жанашыларының жүлдесіне арналған 2010-2011 және 2012-2013 ж.т жасөспірімдер арасынан 3 орынға, «Жасұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымында өткізілген «ЖІГІТ СҰЛТАНЫ-2023» байқауына қатысып «Шымыр жігіт» атағына ие болды. «Инабат қыздар» ұйымында «Шаш өру қазақ қызына тән қасиет» тақырыбындағы сайысына Шаңбава Айгерім мен Самбаева Көркем қатысып, Самбаева Көркем 2 орынды, Шаңбаева Айгерім 3 орынды иеленді.

Жыл бойына жүргізілген жұмыстардың қорытындысы бойынша класс істеріне белсенді қатынасқан оқушылар:

Барлық оқушылар белсене қатысты.

Класс оқушылары Республикалық қоғамдық бірлестігі «Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымына 10-оқушы, ұйым мүшесі. Оқушыларда түгел төс белгілері, галсуктері бар. Ұйымда өткізілген барлық іс-шараларға қатысып отырады.

- **Класс оқушыларын психологиялық тұрғыдан қамтамасыз ету** - «Айзенктің темперамент» типтерін анықтау мақсатында сауалнама алынды. Сауалнама нәтижесінде Сәлімгерей А. және Кәрімжанұлы Н. - сангвиник, Лепес С., Ерланқызы А., Құлбеков С., Жеңісова Г., Шаңбай А., Әбілкәрімова А., Самбаева К.- флегматик және Сәрсенғалиев Қ.- меланхолик темперамент типтеріне жататындығы анықталып, сынып жетекшісі мен пән мұғалімдеріне оқушылардың темперамент типтерін ескере отырып, жоғары дәрежедегі темперамент оқушыларымен төменгі типті темпераменттегі оқушылардың дәрежесін тең қойып, мінезі, жан дүниесі қабылдамайтын жұмыстарды, талаптарды қоюда баланың қабылдауына аса назар бөлу ұсынылды.
- «Социометрия» әдісі. Оқушылардың ұжым ішіндегі әлеуметтік баспалдақты анықтау, сондай-ақ лидерлікке бейімділік қабілеттерін

анықтау, топтағы жағымды және жағымсыз оқушыларды, оқшауланған оқушыларды анықтау мақсатында өткен зерттеу нәтижесіне көз жіберсем: топ лидер-Гүлім, Нұрасыл, жұлдық оқушылар- Азат, Самат, Ақсымбат, Көркем, Ш.Айгерім, жағымды оқушылар-Қайсар, Ә.Айгерім, Саят болды.сыныпта жағымсыз және оқшауланған оқушылар жоқ екені анықталды. «Зунге», «Бассадаркий» сауалнамалары алынып, стресс, депрессияда жүрген оқушылар жоқ екені анықталды.

Ата – аналармен жүргізілген жұмыстар. Қыркүйек айында ата-аналар комитетінің мүшелері сайланып, жоспары жасалынды. Класс ата-аналар комитетінің төрайымы Смагулова Гулнафиса , хатшысы Нәжімова Лариса

Оқушылардың ата – аналармен жүргізілген жұмыстар

Жүргізілген жұмыстардың түрі	Тақырыбы	Тартылған ата – аналар саны
Жеке әңгіме	Оқушының тәртібі, сабаққа қатысымы,қауіпсіздігі туралы	Күнбе-күн
Сауалнама	«Менің балам қандай?»	10
Оқушылардың үйлерінде, пәтерлерін аралау	1.Отбасылық жағдайын зерттеу 2. Оқушының сабағы туралы 3. Оқушының тәртібі туралы	10

Ата – аналар мерекелік шараларды ұйымдастыруда және мектепте өткен кластан тыс шараларға ат салысты. «Кәсіби бағдар беру» апталығының екінші күнгі жұмысы «Жасөспірімдерді мамандық таңдау және өзін-өзі анықтау процесіндегі ата-ананаң рөлі» тақырыбында ата-аналармен дөңгелек үстел өтті.

Класс кабинетінде класс бұрышы жасақталған. Класс бұрышында мектеп оқушыларының ережесі, класс белсенділерінің, класс оқушыларының тізімі, сабақ кестесі, құттықтау ілінген.

Оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру жұмыстары

Кластағы оқушылар мектепішілік тоғызқұмалақ, еркін күрес, пәндік үйірмелерге қатысады. Оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру тақырыбында ата – аналармен жиналыста жұмыстар жүргізіліп бос уақыттарын ата-ана тарапынан қатаң бақыланып отырды. Сыныптан тыс мектепішілік спорттық ойындарға үнемі қатысып отырды.

Құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында жұмыстар өз деңгейінде жүрді. Класта мектепшілік бақылауда, қалалық ішкі істер бөлімінде, тәуекел топта тұрған оқушылар (-)

Мектепшілік бақылауда тұрған оқушы аты-жөні	Тәуекел тобында тұрған оқушының аты – жөні	Психологтың тіркеуінде тұрған оқушының аты – жөні	Зауыт ІБ де есепте тұрған оқушының аты-жөні
-	-	-	-

Жыл бойы айырықша көңіл аударуды қажет ететін оқушылар болған жоқ. Оқушылармен мектеп психологы тарапынан жұмыстар жүрді. Дегенмен алдағы оқу жылында тәуекел тобына, яғни қиын оқушылар қатарына алуды қажет ететін оқушылар жоқ.

Психологиялық – медициналық – педагогикалық комиссияға (ПМПК) жолданған оқушылар жоқ.

Мемлекеттік қосымша білім беру бағдарламаларының орындалуы туралы

Мемлекеттік қосымша білім беру бағдарламалары тәрбие сағатының 10-15 минуттық бөлігінде қосымша жүргізілді. Барлық бағдарлама бойынша жылдық сағат саны орындалды.

Сағат сандары төмендегі кесте негізінде жазылып, орындалды.

Жолда жүру ережесі	Өрттен сақтандыру	ЖҚТБ және оның алдын алу мәселелері	Рухани-жыныстық тәрбие	Зиянды заттардың алдын алу	Құқықтық тәрбие
14	12	6	6	2	4

Оқушылардың сабаққа қатысымы туралы

Класс оқушыларының сабаққа қатысымы жыл бойына қадағаланып, бақыланып отырды.

2022 -2023 оқу жылында оқушылардың сабаққа қатысымы

I тоқсандағы қатысым пайызы	II тоқсандағы қатысым пайызы	III тоқсандағы қатысым пайызы	IV тоқсандағы қатысым пайызы	Жылдық қатысым пайызы
100 %	100 %	100 %	100%	100%

Сабақтан себепсіз қалған дәлелсіз себептермен ұзақ күн сабақты босатқан оқушы болған жоқ.

Қорытынды: Жоспар бойынша сабақтар жүргізілді, сабақ қатысымы өз анықтамаларымен қамтылды.

Тәрбие жұмысының жылдық жұмыс жоспарындағы жоспарланған класс сағаттары, қосымша жұмыстар барлығы өз деңгейінде жүргізілді. Жыл бойына бекітілген 8 бағыттағы 36 класс сағаты оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес түрлендіріліп өткізілді. Класс жетекші портфолиосында оқушылар туралы мәлімет, өткізілген класс сағаттарының, ашық класс сағаттарының, кластан тыс шаралардың жоспарлары, ата-аналармен жүргізілген жұмыстардың барлық материалдары жинақталып салынған.

Тәрбие жұмысының жүргізілген жұмыстарына талдау жасай келе, 2022-2023 оқу жылына төмендегідей ұсыныстар білдіремін:

1. Кластан тыс шаралар соның ішінде білім сайыстары жиі ұйымдастырылса.
2. Тәрбие беретін сахналық көрініс, концерттік кеш мектеп ішінде жиі болып тұрса, оқушылар үшін қызығушылықты арттыруға бірден бір себеп болар еді.
4. Жыл бойы жүргізілген жұмыстарымнан аса кемшілік байқамадым. Дегенмен, оқушылардың тәртібін әсіресе қатаңырақ қарауды өзіме міндеттеймін!

Тәрбие жұмысына сараптамалық
талдау жасаған сынып жетекші:



А.Б.Құрманалина